

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Алтын күз әсем айналам

ЖАРИЯЛАНДЫ
31.10.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/84162/

Кожанова Шолпан Шерназаровна

Түркістан облысы Түркістан қаласы №31бастауыш мектеп балабақша кешеніКММ тәрбиеші Кожанова Шолпан Шерназаровна

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Алтын күз әсем айналам»

Мақсаты:Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуін) бақылайды.

Балалар білімін дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып,сөздік қорларын молайтып,ой-өрісін дамытады.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: Тақырып бойынша әңгімелесу, тақпақ айту, жұмбақтар шешу, тәжірибелік іс-әрекет,

Жабдықтар мен материалдар: Тақырып бойынша иллюстрациялық материалдар, бояу, ағаштан түскен күзгі жапырақтар, үлкейткіш шыны, сулы орамал, дидактикалық материалдар,

Сөздік жұмыс:Жапырақтардың түсуі, сары, қызыл, әр алуан.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету , жұмбақ жасыру

Оқу қызметкезеңдері	Тәрбиешініңқызметі	Балалардыңқызметі
---------------------	--------------------	-------------------

ынталандыру-қызығушылық тарын ояту	Балалар топқа кіріп амандасады Балалар,оқу қызметімізді бастамас бұрын табиғат жылуын сезініп шаттық шеңберін құрайық ШАТТЫҚ ШЕҢБЕРІ Дөңгеленіп тұрайық Күнге қолды созайық Береке бірлік болсын деп Шаттық шеңбер құрайық. Мен сендерге өлең шумақтарын айтып берейін мұқият тыңдауды ұсынамын. Алтын, сары, қызыл ,көк Алуан, алуан, жапырақ Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап Балалар осы табиғат құбылыстары қай жыл мезгілінде болады ? Жарайсыңдар !Күз мезгілі жайлы айтылған.	Сәлеметсіздер ме! (Балалар дөңгелене орындарына жайғасады) Жауап береді Күз мезгілі
---------------------------------------	---	--

<p>Ізденістік-ұйымдастырушылық</p>	<p>Ауа-райықандай болады? Жапырақтарға не болған? Күн күркіреп, жаңбыр жиі жауады. Ағаштардың жапырақтар сарғайып, жерге түсе бастайды екен. Жаз мезгіліндегі жасыл жапырақтар ең алдымен сары түске енеді, кейін қызғылт сары болады, одан кейін қып-қызыл түске еніп алуан түрлі жапырақтарымыз жер бетін басады. Сол себепті халқымыз күзді алтын жапырақ токкен күз, қоңыр күз деп атаған. Себебі айналамыз сондай жарқырап қоңыр болып жатқандықтан осылай атаған. Және де күз айларында көкөністер мен жемістер піседі. Сол себепті күз мезгілін молшылық, берекелі ай деп атаймыз. Ендіше жаңа сөздерді қайталайық: Алтын жапырақ токкен күз алтын күз, қоңыр күз, молшылық, берекелі. Жапырақтардың түстері қандай? Пішіндері қандай? Көлемі қандай? Балаларға жұмбақ жасырамын Ешкім де жемейді, Тәтті екен демейді. Сарғайып піседі Үзіліп түседі.</p> <p>Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды.</p> <p>Есік қағылады Топқа жас терек кіреді. Сәлеметсіздер ме, балалар! -Жастерек неге мұнайып тұрсын. -Жапырақтарым күннен күнге азайып, мұнайып жүрмін. -Мұнайма. Бұл табиғат заңы. Күн суытса жапырақтар қурап түседі, ал келесі жылы құлпырып қайта көктейсін. Балалар жас теректің үстінде нелер ілінген? -Мен балдарға көптеген тапсырмалар алып келдім мүмкін балалар дұрыс орындаса, көңілім көтеріліп қалар. Балалар тапсырмаларды орындаймыз ба? 1. Жас теректі сипаттау. 2. Тақпақтар айту 3. Орталықтарға бөліну. (Түсіндіру) Балалар белгілер арқылы үш орталыққа бөлініп жұмыс жасаймыз. Олар <i>Зерттеу</i>, <i>Өнер</i>, <i>Құм</i> және су орталықтары. Әр орталықты жеке жеке түсіндіру. «Өнер» орталығындағы балалар гуашқа жапырақ батыру арқылы жапырақ суретін салады. «Зерттеу» орталығында алдын ала жиналған күзгі жапырақтарды зерттеуді ұсынады. Күздің өте әдемі жыл мезгілі екенін, себебі ағаштар бұл кезде түрлі-түсті жапырақтан киім киеді. Талдар жапырақтар көмегімен тыныс алады екен. Жапырақтың құрылысын үлкейткіш шыны – лупаның көмегімен зерттеуді ұсынамын. «Құм және су» орталығындағы балалар құмға жапырақ суретін салады саусақ арқылы. Тапсырма түсінікті болса белгілерді ала қойындар. Әр бала қолындағы белгілердің суреті арқылы өз орындарына отыру. Балаларды шылдырмақ арқылы ортаға шақыру. Не жасағандарын сұрап жауап алу. Сергітусәті : Кәне, қимыл арқылы сергітусәті норындапшынығыпалайық.</p> <p>ШАТТЫҚ ШЕҢБЕРІ Жел улейді у-у-у, Құйын келіп билейді зу-зу-зу, Қатты-қатты жел соқты ду-ду-ду, Жапырақтар қол соқты ду, ду, ду. Ал кәне, балалар орталықтармен алмасып жұмыс жасайық. 4. Дидактикалық ойын: «Жапырақтың түсін тап». Шарты: Түсінесәйкес жапырақтарды жинап салу және қандай түс жапырақ екенін айту. Жас теректі көңілдендіріп қайтару.</p> <p>Үйге тапсырма: Бірдей жапырақты тап. Сары түспен боя. Әр түрлі жапырақтарды жасыл түспен боя. Балалар бүгінгі өткен оқу қызметіміз түсінікті болды ма? Егер түсінікті болса сары жапырақтарды алып жас терекке іліміз. Ал егер түсініксіз болса жасыл жапырақты алып терекке іліміз.</p>	<p>Жаңбыр, жел, күн суытады. Қурап қалған</p> <p>Сары, қызыл, қызғылт.</p> <p>Жапырақ Тал Сүйір, домалақ Үлкен-кіші Күз – Осень Жапырақ- Листь Тал – Деревя</p> <p>Сәлеметсіз бе!</p> <p>Жапырақтар Ия?</p> <p>Тамыры, діңі, бұтақ, жапырағы Тақпақ айтады Сурет салу Әр ағаштың өз жапырағы бар әр ағаштың жапырағының беті әр түрлі. Олардың пішіні, түсі, өлшемі әртүрлі. Сабақ – жапырақты бұтақпен жалғастыратын бөлік. Бұдан соң жапырақтың үстіңгі бетін қарастырады. Жапырақтың үстіңгі бетінің түсі қоюлау болады. Жапырақты аударып, оның төменгі бетін зерттеген кезде, бұған көз жеткізеді. Жапырақтың шетін қарастырады Жапырақтың ұшы үшкір немесе домалақ болады Түстерін айтады. Күзгі мезгіл Белгілерді алып өз орнына отырады Қимылдар жасайды. Белгі бойынша балалар клемдегі жапырақтарды жинап, қай жапырақтың түсі деп ойласа, сол жапырақ бейнеленген ыдысқа салады. Сауболаңыз!</p>
------------------------------------	---	---

Рефлексивті түзетушілік	Қорытынды жасау . Алған әсерімен бөлісу Амандықта жүздескенше қош сау болыңыз дар	Балалар өздерінің жасаған жұмыстарына өздері риза болады.
-------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже: Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуін) бақылады. Балалар білімін дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындады, сөздік қорларын молайтып, ой-өрісін дамытты.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.